

## Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін берілмейтін объектілер тізбесі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 172 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 583 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 14.11.2017 № 583 Жарлығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес

### **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін берілмейтін объектілер тізбесі бекітілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2016 жылғы 14 қаңтардағы  
№ 172 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін берілмейтін объектілер тізбесі

1. Жер, су (мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын іске асыру мақсатында жер пайдалану құқығын беруді қоспағанда), өсімдіктер және жануарлар әлемі.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар.

3. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті арнаулы мемлекеттік органдардың мүлкі мен ұйымдары.

4. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелеріне жедел басқару құқығында бекітілген әскери мүлік.

5. Магистральды теміржол желісі, кеме қатынасы су жолдары, маяктар, кеме қатынасы қауіпсіздігін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер, теңіз терминалдары.

6. Мына қалаларды сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін су шаруашылығы құрылыстарын (су тарту құрылыстары, сорғы станциялары, тазартқыш су құбыры құрылыстары) қоспағанда, ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары (бөгеттер, гидротораптар, басқа да гидротехникалық құрылыстар):

- 1) Астана;
- 2) Алматы;
- 3) Ақтау;
- 4) Ақтөбе;
- 5) Атырау;
- 6) Қарағанды;
- 7) Көкшетау;
- 8) Қостанай;
- 9) Қызылорда;
- 10) Павлодар;
- 11) Петропавл;
- 12) Талдықорған;
- 13) Тараз;
- 14) Орал;
- 15) Өскемен;
- 16) Шымкент;
- 17) Семей;
- 18) Түркістан;
- 19) Теміртау;
- 20) Екібастұз;
- 21) Рудный;
- 22) Жезқазған;
- 23) Кентау;
- 24) Балқаш;
- 25) Жаңаөзен;
- 26) Сәтбаев;
- 27) Ақсу;
- 28) Риддер;
- 29) Арыс;
- 30) Степногорск;
- 31) Шахтинск;

- 32) Саран;
- 33) Қапшағай;
- 34) Арқалық;
- 35) Лисаковск;
- 36) Приозерск.

7. Қан қызметі, АИТВ/ЖИТС профилактикасы, апаттар медицинасын ұйымдастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары.

8. Мемлекеттің қорғауындағы тарихи-мәдени мұра объектілері.